

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»,**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»,**
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

НЕСИЕ НАРЫҒЫ, ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мерекенова Е.М.

*студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: merekegyzy@inbox.ru*

Ғылыми жетекші- PhD., аға оқытушы Хамитхан Н.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Несие қатынасын ұйымдастырудың деңгей көрсеткіші процес кезінде несие мәмілелері негізінде қаржы келісімшарттары ретінде есептелетін несиелік қоржын сапасын көрсетеді. Несие қоржынының төмен сапасы біршама екінші деңгейдегі банктердің экономикалық күйзелісінің негізгі себебі. Коммерциялық банктердің қаржы секторының орнықты жұмыс істеп тұруы үшін несиелік портфель сапасы басты рөл ойнайды.

Қазіргі уақытта банктерде кездесетін төмен несиелік белсенділік әлеуметтік-экономикалық белгісіздік кезінде несие тәуекелдеріне мойынсұну жағдайында банктердің несие қоржынының сапасының төмен деңгейде боуына байланысты орын алады.

ҚР Ұлттық банкінің аналитикаларының пайымдауынша, банктердің шет елдерден инвестиция тартудың тәуелділік деңгейін төмендету аз уақыттағы перспективада банк саласының сыртқы экономикалық құбылыстарға икемділігін арттыруға әсерін тигізеді. Қазіргі уақытта бәсекелестік жағдайында әрбір банк өз клиенттері мен олардың салымдары үшін үнемі күресуге, мұқият қарауға, клиенттеріне жоғары деңгейдегі банктік өнімдер мен жылдам қызметтерді ұсынуға, орнықтылығы мен сенімділігін сақтай отырып, нарықтағы әрбір экономикалық өзгерістерге тез икемделуге міндетті. Жалпы алғанда, әрбір операциясы заман талабына сай болып, қаражатын ұтымды бағдарлап, бәсекеге қабілетті банк атануға және оған сай қызмет көрсетуге жағдай жасауы керек.

Кілт сөздер: несие нарығы, кредиттік портфель, мерзімі өткен қарыздар, кредит, коммерциялық банк, биометриялық жүйе.

Зерттеу әдістері. Зерттеу кезінде проблемалық мәміле, талдау, синтез, салыстыру, абстракция нақтылау, модельдеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында екінші деңгейдегі банктің несиелік қоржын сапасын талдай отырып, анықталған мәселелер бойынша шешу жолдарын айқындау және несие нарығын жетілдіру жолдарын ұсыну.

Кіріспе. ҚР Ұлттық банкінің аналитикаларының пайымдауынша, банктердің шет елдерден инвестиция тартудың тәуелділік деңгейін төмендету аз уақыттағы перспективада банк саласының сыртқы экономикалық құбылыстарға икемділігін арттыруға әсерін тигізеді. Қазіргі уақытта бәсекелестік жағдайында әрбір банк өз клиенттері мен олардың салымдары үшін үнемі күресуге, мұқият қарауға, клиенттеріне жоғары деңгейдегі банктік өнімдер мен жылдам қызметтерді ұсынуға, орнықтылығы мен сенімділігін сақтай отырып, нарықтағы әрбір экономикалық өзгерістерге тез икемделуге міндетті. Жалпы алғанда, әрбір операциясы заман талабына сай болып, қаражатын ұтымды бағдарлап, бәсекеге қабілетті банк атануға және оған сай қызмет көрсетуге жағдай жасауы керек [1].

Қашықтықта операцияларды орындауға тек клиенттің жеке сәйкестік нөмірін тіркеп, бейнекездесу өткізеді. Қазіргі уақытта банктердің несие портфеліне қойылған талаптар артып келеді, ол міндетті түрде банктің несие қоржынының қалыптасу және ұйымдастыру проблемасының шешілуін жылдамдатуға әсер етеді. Банк тәуекелдерді алдын-ала жоспарлап, бақылап және қаржылық мүмкіндіктерін талдап, өз құзыретіне сай болып тұрса, міндетті түрде ұтымды болады. Актив, кредит ақшаның қай секторы болмасын толықтай қамти алуы үшін

жеткілікті өтімді болуы керек, шығын акционерге ыңғайлы табыс мөлшерін қамтамасыз етіп отыруы үшін қажет.

Зерттеудің нәтижелері. Бүгінгі таңда еліміздің қаржы нарығының ең ірі сегменті — несие нарығы болып табылады.


Осыдан бес-алты жыл бұрын нарықты коммерциялық банктердің аз ғана бөлігі банк жүйесін құраған еді, ал қазіргі уақытта нарықта орны бар екінші деңгейлі банк саны артып келеді.

Мемлекеттің несие нарығы сапалы даму процессінде. Әрбір банк бәсекеге қабілетті болуы керек, сол себептен сапалы да жылдам қызмет көрсетуге, әрбір клиентке жағдай жасауға, қашықтықтан кез-келген операция түрін ұсына алуға аса назар аударуы қажет.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 22 банк өз жұмысын атқаруда.

Банктің активі тазартылған қымбат металл, шот, ақша, басқа банкдегі салым, құнды қағаз, банк борышы және «кері РЕПО» операциясы, капиталға қаржыландыру және басқада активтерден жинақтастырылады.

2019-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасының банк секторының активтері мен несие портфелінің динамикасы көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1 – ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің динамикасы

Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрастырылған [2].

1 – суретте банк секторының несие портфелі 2019 жыл мен 2021 жылдар аралығында тек оң нәтиже көрсеткен. 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 9,7 %-ға артса, 2021 жылы 21,3 %-ға артқан.

Осы талдауларға байланысты «Банк ЦентрКредит» АҚ мысалында талдау жүргіземіз.

«Банк ЦентрКредит» АҚ нарықтағы беделді екінші деңгейдегі банктердің бірі. Банктің несие нарығындағы орны мен қызметін талдамас бұрын, банк несиесінің актив пен міндеттемедегін рөлін анықтап алайық. Соңғы үш жылдықтағы актив өзгерісін келесі кестеде көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 – «Банк ЦентрКредит» АҚ 2018-2020 жылдар аралығындағы жиынтық актив құрылымы, млрд.теңге

Актив	2018	2019	2020
Ақша қаражаты және оның баламалары	175, 4	158, 8	279,3
Қаржы құралдары мен бағалы қағаздар	220, 4	184, 2	338, 8
Банктердегі қаражат	31,2	9, 1	63, 4
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	968, 6	982, 3	1 009,4
Басқа активтер	121, 9	125, 7	166,2
Барлығы	1 517, 7	1 460, 4	1 857, 2
Ескерту – дереккөз негізінде құралған [3]			

1-кестеде клиенттер мен несиелерге берілген несиелер 2018 жылы 2019 жылға қарағанда 1,39%-ға, ал 2019 жылы 2020 жылға қарағанда 2,6%-ға артқан.

Банктердегі басты проблемалардың бірі – ұзақ мерзімдік кредиттеу. Бүгінгі таңда несие нарығында ұзақ мерзімді несиелерден қарағанда, қысқа мерзімді несиелер көбірек рәсімделеді. Барлық несиенің 50 % үлесінен астамын қысқа уақытқа берілген несиелер құрайды. Ал қысқа мерзімді несиелердің көп болуы банктердің кредиттік қорының қуаттылық деңгейінің төмендігін анықтайды. Екінші деңгейдегі банктердің жұмысына қысқа мерзімді несиелерге қарағанда, ұзақ мерзімді несиелердің көп болғаны оң әсер етеді [4].

Екінші деңгейдегі банктердегі ресурс базаларын одан әрі дамытудың бүінігі күні 2 негізгі жолы бар: олар клиенттердің депозиттері, зейнетақы активтері. Банктердегі ресурстық қорын реттеу жайында операциялардың бірнеше нысандарын ашып айтуға болады.

Бірінші, клиенттердің ұзақ уақыттық салымдарының көлемі мени несие портфеліндегі үлесін арттыру.

Екінші, шетел валютасында депозиттерді ашудың алдын алу. Мысалы, депозит сыйақы мөлшерін төмендету кассадан қолма-қал қаражатқа айналдырған кезде комиссия деңгейін арттыру.

Сол себептен төмендегідей шаралар кезегін ұсынамыз:

1. 13 айдан артық уақытқа депозиттерге салған кезде кепілдік сомасын арттыру, уақыт сайын сыйақы пайыздық мөлшерлемесін көбейтіп, оңай депозит ашудың жолдарын ұсыну;
2. Теңгеде ашылған шоттарға қарағанда шетел валютасында ашылған шоттар бойынша резервтеудің неғұрлым жоғары ставкасын белгілеу.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының қазіргі уақыттағы екінші деңгейдегі банктердің несие порфелінің жұмыс істеу және ұйымдастыру ерекшеліктері мен проблемаларын анықтап, оларды шешу жолдарын қарастырып өттік. Сонымен қатар, коммерциялық банктердің операцияларын және кредиттік қызметтерін дамытудың негізгі бағыттарын анықтау проблемалары мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайындағы басты мәселе болып есептеледі.

Несиелік қатынастарды арттырудың қазіргі кезеңінің маңызды сипаттамасы – мемлекет пен ұлттық банктің несиелік қатынастарды реттеуі. Ұлттық банк экономиканы реттеу үшін есеп және ақша несие саясат құралдарын белсенді қолданады. Олар ақша айналымын реттейді, банк секторын дамыту іс-қимылдарын жүзеге асырады. Несиелік қатынастардың қазіргі уақыттағы жағдайында экономика мен жалпы қоғамның дамуы үшін аса маңызды мағынаға ие болды.

Несиелік нарығының қаржы нарығында және еліміздің әлеуметтік экономикасында маңызды орын алады. Сондықтан кредитті ұтымды, пайдалы және т.б. бағдарламаларға қатысу арқылы банктік кредит қорларын несие қоржынына орналастырып, Қазақстан Республикасын болашақта табысты әлеуметтік –экономикалық тактикаларды қолданысқа енгізу арқылы алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарына кіруге мүмкіндігіміз бар.

Әдебиет:

1. Сейтқасымов Ғ.С., Омарбекова А.Ғ., Сейтқасымова А.Ғ., Ақша, несие, банктер. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2013. – 466 б.
2. 2019-2021 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы // <https://www.nationalbank.kz/>
3. «Банк ЦентрКредит» АҚ 2018-2020 жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік <https://bcc.kz/upload/iblock/9af/9af1890b.pdf>
4. И.А. Гусева. Финансовые технологии и финансовый инжиниринг: учебник / – Москва: КНОРУС, 2021. – 314 с.